

## Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32983 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсыну қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды ;

4) жұмыста басшылық ету үшін осы бұйрықты облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерінің назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі  
2023 жылғы 30 маусымдағы  
№ 280 Бұйрығына  
қосымша

**Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсыну қағидалары**

Ескеरту. Тақырыбы жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсыну тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) "Ата жолы" картасы – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бизнес-көшіп келушілерге не этникалық қазақтар қатарынан талап етілген кәсіптері бар адамдарға он жылға дейінгі мерзімге, бірақ азаматтығы бар ел паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге берілетін, белгіленген нысандағы құжат;

3) бизнес-көшіп келушілер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер;

4) бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының немесе Қазақстан Республикасының азаматтығында туған немесе бұрын болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

5) "Бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны;

6) "Жеке тұлғалар "Мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖТ МДК) – азаматтық жай-күйді сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу мен сақтаудың бірыңғай жүйесі;

7) Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – КҚП АЖ) – ішкі істер министрлігінің ішкі және сыртқы көші-қон процестері дерекқорын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ "электронды үкімет" шенберінде құрылышпен жатқан басқа ақпараттық жүйелермен және деректер базаларымен интеграциялық қарым-қатынас процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйесі;

8) "Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері – шетелдегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері;

9) "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "қандас" ААЖ) – этникалық қазақтар мен қандастар үшін мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрамындағы жүйе;

10) қандас – этникалық қазақ және (немесе) бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған ұлты қазақ отбасының мүшелері;

11) "Құтты мекен" ақпараттық жүйесі (Migration.enbek.kz (бұдан әрі – "Құтты мекен" АЖ) - цифрлық экожүйенің кіші жүйесі электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) көшіп-қонушылардың есебі мен қозғалысын, сондай-ақ көші-қон саласында қызметтер көрсетудің мониторингін қамтамасыз етеді;

12) "Құтты мекен" АЖ жанындағы мобиЛЬДІ қосымша – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында орнатылған және іске қосылған және ұялы байланыс және Интернет арқылы электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен функцияларға қол жеткізуі ұсынатын бағдарламалық өнім;

13) өтініш беруші – "Ата жолы" картасын алуға үміткер этникалық қазақтар қатарындағы жеке тұлға және оның отбасы мүшелері (бар болса);

14) тұрақты тұруға рұқсат – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жок адамдарға ішкі істер органдары беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға құқық беретін құжат;

15) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы;

16) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, Халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

18) этникалық қазақ – шетелдік немесе ұлты қазақ азаматтығы жоқ адам.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.03.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

3. Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсынудың мақсаты-қазақтардың мәдени мұрасы мен тілінің, тарихының, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, сондай-ақ туыстық, этникалық және тілдік құндылықтарының ортақтығын қолдау.

**2-тарау Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсынудың тәртібі**

4. "Ата жолы" картасы бизнес-көшіп келушілерге не шетелде тұратын этникалық қазақтар қатарынан сұранысқа ие кәсіптері бар адамдарға өтініш беру кезінде мынадай санаттардың біріне сәйкес ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығына сәйкес "Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және қойылатын талаптарды бекіту туралы" (Қазақстан Республиканың нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізліміндегі тіркелген № 24315) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін мамандыққа ие;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы бұйрығына сәйкес "Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізліміндегі тіркелген № 31938) талап етілетін кәсіптерге ие;

3) тұрақты тұратын немесе азаматтығы бар елде тіркелген жұмыс істеп тұрған бизнестің болуы.

5. "Ата жолы" картасын ұсыну туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) құжаттарды қоса бере отырып, өтініш беруші (бұдан әрі – өтініш беруші) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Құтты мекен" АЖ жанындағы мобиЛЬДІК қосымша арқылы халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға береді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган "Құтты мекен" АЖ жанындағы мобиЛЬДІК қосымша арқылы этникалық қазақты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның өтінішін кіріс хат-хабар ретінде тіркеу туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Өтініш беруші қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, жергілікті атқарушы органдың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қызметкері "Құтты мекен" АЖ жанындағы мобиЛЬДІК қосымша арқылы құжаттарды қабылдаған күні өтініш берушіні осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Қазақ ұлтына жататынын растайтын құжаттың болуы, ұлты жеке басын қуәландыратын құжаттардағы жазба негізінде, мұндай жазба болмаған кезде – этникалық қазақтар шыққан елдің арнаулы органдарының өтініш берушінің ұлтын растайтын ресми құжаттарының негізінде анықталады;

9. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган "Құтты мекен" АЖ арқылы өтініш берушінің өтініші келіп түсken күннен бастап бір күн ішінде өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) деректерін ЖТ МДҚ мемлекеттік дереккоры арқылы оның (олардың) жеке сәйкестендіру номірінің (бұдан әрі – ЖСН) болуы тұрғысынан тексереді. ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды, Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган тіркеу кезінде қолда бар ЖСН пайдаланады.

9-1. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және өзге де ақпараттың, оның ішінде оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға жататыны туралы ақпараттың болуына тексеру үшін өтініш келіп түсken күннен кейін бір жұмыс күні ішінде "Қандас" ААЖ арқылы:

- 1) ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне;
- 2) тиісті өнірлердің ұлттық қауіпсіздік органдарына сұрау салулар жібереді.

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдың қызметкері Қазақстан Республикасы Бас прокуратуrasesы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесі арқылы әшкерелейтін мәліметтердің болуын өз бетінше тексереді.

**Ескерту. Қағидалар 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-2. Ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелері этникалық қазақтардың құжаттарын алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға өтініш берушінің Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және өзге де ақпараттың, оның ішінде оның террористік немесе экстремистік ұйымдарға жататыны туралы ақпараттың болуы немесе болмауы туралы ақпарат жібереді.

**Ескерту. Қағидалар 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. ЖТ МДБ-да ЖСН болмаған кезде халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган бір жұмыс күн ішінде "Қандас" ААЖ арқылы ЖСН генерациялау үшін КҚП АЖ-ға электрондық сұрау салу жібереді.

11. ЖСН генерацияланғаннан кейін халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Қандас" ААЖ-ға "Ата жолы" картасын ұсыну немесе ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және "Құтты мекен" АЖ арқылы өтініш берушіні өзінің шешімі туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне визалық тәртібі бар мемлекеттердегі этникалық қазақтар жүгінген кезде оларға Қазақстан Республикасына кіруге виза береді.

13. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелерінен ақпарат келіп түсken күннен кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 11-тармағына сәйкес қабылданған шешім негізінде "Ата жолы" картасын "Құтты мекен" АЖ арқылы не өтініш беруші келгеннен кейін қолма-қол осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. "Ата жолы" картасы жоғалған немесе бұлінген жағдайда "Ата жолы" картасын иеленген адамның өтініші бойынша телнұсқа ұсынылады.

15. Егер "Ата жолы" картасының қолданылу мерзімі кезеңінде "Ата жолы" картасы иесінің жеке басы туралы деректерде өзгерістер болса, "Ата жолы" картасы иесінің немесе оның заңды өкілінің өтініші бойынша өзгертулген деректерді ескере отырып, "Ата жолы" картасын ауыстыру жүргізіледі.

Деректердің өзгеруін растау үшін тиісті азаматтық хал құжаттарын ұсыну қажет.

16. "Ата жолы" картасы ұсынылған күннен бастап он жыл бойы жарамды, бірақ азаматтығы бар ел паспортының қолданылу мерзімінен аспайды.

17. "Ата жолы" картасының қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Ата жолы" картасының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірілмей беріледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасын ұсынудан бас тарту тәртібі**

18. Жергілікті атқарушы орган "Ата жолы" картасын ұсынудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) үміткерлер "Халықтың көші-қон туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 28) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда;

2) "Ата жолы" картасын ұсыну туралы өтініш білдірген этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкөрелейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға қатысы бар екені туралы өзге де ақпараттың болуы;

3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге этникалық қазақтың келісімінің болмауы.

19. "Ата жолы" картасын беруден бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **4-тарау Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасының күшін жою тәртібі**

20. "Ата жолы" картасының қолданысы:

1) "Ата жолы" картасының иегері Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін;

2) "Халықтың көші-қон туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылған не ол күшін жойған жағдайда;

3) он жыл өткеннен кейін, бірақ азаматтығы бар ел паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

21. Жарамсыз деп танылған "Ата жолы" картасы Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға он жұмыс күні ішінде қайтарылуға жатады.

Шетелде тұратын  
этникалық қазақтар үшін  
"Ата жолы" картасын  
ұсыну қағидалдарына  
1-қосымша  
Нысан

(өнірдің атаяуы)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(мекенжайы бойынша тұратын)

## "Ата жолы" картасын ұсыну өтініш

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қоргау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Т.А.Ә. (бар болса)	
Тұған күні	
Жынысы	
Тұрғылықты мекенжайы	
Байланыс деректері (телефон, электрондық пошта)	

Келесі отбасы құрамы бар:

Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Тұған күні	Азаматтық	Ұлты
1	2	3	4	5

Тарихи Отанда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келуді жоспарлауды маған "Ата жолы" картасын ұсынауды сұраймын.

"Дербес деректер туралы" Заның 8-бабына сәйкес "Ата жолы" картасын ұсыну бойынша қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерімді жинауға және өндөуге келісім беремін.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_;
- 4) \_\_\_\_\_;
- ..) \_\_\_\_\_

Мен келтірген мәліметтердің дұрыс екенін күэландырамын. дұрыс емес мәліметтер "Ата жолы" картасын ұсынудан бас тартуға негіз бола алғыны туралы хабардар етілді.

Мен осы міндеттемелерді орындаған жағдайда қолданылатын шаралар туралы хабардармын.

Шешімді алу тәсілі (электрондық пошта, "Құтты мекен" АЖ жанындағы мобильді қосымшасы).

20 \_\_ жылғы " \_\_ "

(өтініш берушінің қолы)

Шетелде тұратын этникалық  
казақтар үшін "Ата жолы"

картасын ұсыну қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Үлгі

"Ата жолы" картасын ұсынуға өтінішті қабылдау туралы жыл \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ хабарлама

Этникалық қазақтың өтініші туралы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұру үшін келуді жоспарлайтын оған және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) ұсыну туралы

\_\_\_\_\_ (облыс, республикалық маңызы бар қалалар және Астана) "Ата жолы" карталары тіркелген

(жергілікті атқарушы органдың атауы)

кіріс хат-хабарлар ретінде № \_\_\_\_\_ (күні)

тіркелгенін хабарлаймыз және занда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатын болады.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

..) \_\_\_\_\_

Кұжаттар қабылданды \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы).

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (Күні)

Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы"

картасын ұсыну қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса)

(көрсетілетін қызметті  
алушының мекенжайы)

"Ата жолы" картасын ұсыну өтінішін қабылдаудан бас тарту туралы 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_ \_\_  
№ \_\_\_\_ хабарландыру

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті  
атқарушы орган "Ата жолы" картасын ұсынуға құжаттарды қабылдаудан бас тартады.  
Сіз қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынғаныңызға байланысты, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) ....

Кұжаттарды қайтарды \_\_\_\_\_  
(құжаттарды қайтарған қызметкердің тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (күні)

Шетелде тұратын этникалық  
қазақтар үшін "Ата жолы"  
картасын ұсыну қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

"Ата жолы" картасын ұсынуды немесе ұсынудан бас тарту туралы

20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_

Шешім

(халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті  
атқарушы  
органның атауы)

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес "Ата  
жолы" картасын ұсыну туралы өтінішті қарап,

Т.А.Ә. (бар болса)

Тұған күні

Жынысы

Тұрғылықты мекенжайы

Шешім қабылдады \_\_\_\_\_

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның маманы:

1) \_\_\_\_\_  
(қол қою)

2) \_\_\_\_\_  
(қол қою)

3) \_\_\_\_\_  
(қол қою)

....

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қол қою/басып шығару)

Шетелде тұратын этникалық  
казактар үшін "Ата жолы"  
картасын ұсыну қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы реесми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

Үлгі

"АТА ЖОЛЫ" КАРТАСЫ

КАРТА "АТА ЖОЛЫ"

ФОТО

Тегі/Фамилия  
**Ахметұлы**

Аты/Имя  
**Алихан**

Жынысы/Пол  
**Ерек**

Аймақ/Регион  
**Алматы Қ.**

Тұған жері(елі) / Место рождения  
**Алматы Қ.**

Азаматтығы / Гражданство  
**АҚШ**



## АТА ЖОЛЫ КАРТАСЫ

№

**ALM37929**

ЖСН/ИНН

**012345678910**

Берілген күні-Колдану мерзімі/

Дата выдачи-Срок действия

**05.12.2023 - 05.12.2033**

Шетелде тұратын этникалық  
казақтар үшін "Ата жолы"  
картасын ұсыну қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

Ескерту. 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жана редакцияда - КР Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 15.05.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(жергілікті атқарушы органның атаяу)

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болса))

(мекенжайы бойынша тұратын)

## "Ата жолы" картасын ұзарту туралы Өтініш

"Ата жолы" картасының мерзімінің өтуіне байланысты маған "Ата жолы" картасын заннамада белгіленген мерзімге ұзартуды сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

20 жылғы " " (өтініш берушінің қолы)

Өтініш қабылданды:

(Күжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болса), лауазымы)

## 20 жылғы " "

(кужаттарды қабылдаған адамның қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және қызықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК